

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫТУ ИНСТИТУТЫ**



**ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТОПТАРДА БАЛАЛАРҒА
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИЗУЧЕНИЮ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА С ДЕТЬМИ В ГРУППАХ
С РУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ**

Астана, 2023

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2023. – 78 б.

Пікір жазғандар:

Г.К. Ибрагимова, PhD доктор;

К.А.Жунусова, меңгеруші;

Ж.Ж. Тохтиева, әдіскер.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері мен педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №8 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 жыл

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бүгінгі өскелең ұрпақ еліміздің болашағы. Бүгіннен бастап өскелең ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілікке және азаматтық сезімдерге тәрбиелеу қажет. Өз мемлекетінің тіліне деген құрмет балалық шақтан басталады. Мемлекеттік тілді мектепке дейінгі жастан бастап ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл - қазақ тілі болып табылады.

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар –ел өркендеуінің берік негізі» Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі» -деп атап көрсетілген. Бұл қазақстандық қоғамның бірлігі факторы болуы тиіс.

Оқыту тілі орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Неғұрлым балаға ерте қазақ тілін үйренуге, яғни қолайлы сөйлеу ортасын құруға, мемлекеттік тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, нәтижелер соғұрлым табысты әрі тиімді болады.

Балалардың әлеуметтік қарым-қатынасының алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады, мектепке дейінгі ұйымдар балаларға алғашқы тілді үйренуге дайындықта үлкен рөл атқарады.

Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрену уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың зияткерлік қабілеттерін дамытуда ғана емес, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлерін, ауызша шығармашылығын зерделеуді де қамтиды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде арнайы ұйымдастырылған іс- әрекетке мән беріледі.

Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланады.

3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты балалардың қазақ тілін үйренуге дайындығын қалыптастыру, ересектермен қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға ынталандыру болып табылады.

Міндеттер:

- балаларды кейбір тұрмыстық заттар мен жануарлардың ойыншықтарының атауларын қабылдауға, түсінуге және тәрбиешінің өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға (бер, әкел, ал) үйрету;
- қарапайым сұрақтарды түсінуге үйрету;
- қысқа сөйлем түрінде сұрақтарға жауап беруге үйрету.

КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі балалық шақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өте маңызды, сондықтан да осы жастағы балаларды мемлекеттік тілді үйренуге баулу қажет.

Оқыту орыс тіліндегі мектепке дейінгі ұйымдарда үш жастан бастап қазақ тілін үйрету Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (*ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы*) қарастырылған.

Осы кезеңде баланың дамуында танымдық процестер қарқынды қалыптасады, білім берудің келесі деңгейлеріне қарағанда білік пен дағдыларды тез меңгеретіндіктен, оқытудың осылай басталуы орынды. Мектеп жасына дейінгі балаларға тән бірқатар психологиялық ерекшеліктер: тез қабылдау мен есте сақтау қабілетінің жоғары болуы тілді табысты меңгеруге ықпал етеді.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету (мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды тобында аптасына екі рет) күн сайын балалар әрекетінің: қарым-қатынас, заттық, ойын, еңбек, көркем (педагогтің көркем әдебиет оқып беруі, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау), театрландырылған және дербес әрекет түрлері арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты тәрбиешілер мен педагогтерге күн бойы режимдік сәттерде қазақ тілін үйретуді ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Міндеттері: балаларда мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту; қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру; сөздік қорын кеңейтуге ықпал ету; бастапқы қарым-қатынасты меңгеру үшін жағдай жасау, қарым-қатынастың қарапайым дағдыларын қалыптастыру; қызығушылық пен құрметтеуге тәрбиелеу.

Балаларға тілді меңгерту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері оқытудың инновациялық нысандарын енгізуі қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мемлекеттік тілдегі бейне контентті көбейту, қазақ тіліндегі интернет-кеңістікті дамыту.

Жүйелі жұмыстың нәтижесінде бала сөйлеу әрекеттерін мағыналы түрде жүзеге асыра алады және мемлекеттік тілді түсінікті, қол жетімді көлемде қарым-қатынастың шынайы құралы ретінде қолдана алады.

ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ МАЗМҰНЫ

Балалардың ойын, танымдық, шығармашылық және басқа да әрекет түрлеріндегі коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру қазақ тілін оқыту процесінде жүзеге асырылады. Осы мақсатта сергіту сәттері, тілді үйрену жаттығулары, санамақтар, қысқа өлеңдер және басқалар қолданылады.

Күні бойы режимдік процестерде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілін үйрету бойынша жүйелі, жоспарлы, мақсатты жұмыс жүргізіледі, қарапайым сөздік қорын қалыптастыруға, алған білімдерін бекітуге ерекше назар аударылады.

Балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын қалыптастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны (аудиоматериал, үстел үсті ойындары, балалар әдебиеті, рөлдік, театрландырылған, лингвистикалық мазмұны бар интерактивті ойындар, конструкторлар, дидактикалық ойындар мен ойыншықтар және т.б.) ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда қазақ тіліне тән дыбыстармен танысады, дыбыстарды дұрыс айтады, жиі айтылатын сөздерді меңгереді, қысқа мәтіндер құрастырады, сұрақтарға жауап береді және т.б. бойынша бағдарламалық мазмұнды меңгереді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрену бойынша сағат саны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында (ҚР ОАМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы) «Қазақ тілі» ортаңғы және ересек топтарда – аптасына 1 рет; мектепалды топта, мектепалды сыныпта – аптасына 2 сағат) қарастырылған.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті балалар үшін қызықты түрде өткізу керек. Ол үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында Коммуникативтік дағдыларды дамыту параграфында (ҚР ОАМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) ұсынылған қазақ тілінің мазмұнына сәйкес жас топтары бойынша дұрыс жоспарлау керек.

Педагогтер перспективалық жоспар мен циклограмма жасайды (1-қосымша).

Балабақшада қазақ тілін үйрету коммуникативтілік қағидасына негізделеді, сондықтан да оқытудың барлық әдістері қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін үйренуге бағытталған.

Қазақ тілін оқытудың міндеттері:

- сөздік қорын байыту;
- дыбыстардың, қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айту;
- сөйлем құрастыру;
- байланыстырып сөйлеуді дамыту;
- балаларды қазақ халқының мәдениетімен (дәстүрлерімен, ұлттық киімдерімен, мерекелерімен) таныстыру.

Қазақ тілін үйрену жеке сөздерді есте сақтаудан, оларды дұрыс айтудан және сөйлемде қолдана білуден басталады.

3 жастағы балалар қазақ тілінде айтылған сөздерді зейін қойып тыңдауды, оларды айтуды және есте сақтауды үйренеді. Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді, кейбір заттардың, жемістердің, үй жануарларының атауларын дұрыс айтады және түсінеді. Сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды, сонымен бірге қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйренеді.

4 жастағы балалар қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын үйренеді, 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінеді, қарапайым сұрақтар қояды және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап береді. Қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, жануарлар, құстар және табиғат құбылыстары туралы білімдері кеңейеді.

5 жастағы балаларда қоршаған ортада жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттарды айту және түсіну дағдылары қалыптасады, заттардың түсін, мөлшерін, санын білдіретін сөздерді айтады, күнделікті өмірде таныс сөздерді қолданады, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінеді және қолданады, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдылары қалыптасады. Осы жастағы балалар ойыншықтар мен суреттер туралы қысқа мәтіндер құруды, мақал-мәтелдер айтуды үйренеді.

Балаларға қазақ тіліне үйретуде педагогтер ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін» пайдаланады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді үйретуде арнайы ұйымдастырылған сабақтарға ғана емес, сонымен қатар күн бойы режимдік сәттерге мән беріледі.

Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланады.

3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты балалардың қазақ тілін үйренуге дайындығын қалыптастыру, ересектермен қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға ынталандыру табылады.

Міндеттері:

- балаларды кейбір тұрмыстық заттар мен жануарлардың, ойыншықтардың атауларын қабылдауға және түсінуге үйрету, тәрбиешінің өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындау (бер, әкел, ал);

- қарапайым сұрақтарды түсінуге үйрету;

- қысқа сөйлем түрінде сұрақтарға жауап беруге үйрету болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының қазақ тілі бойынша мазмұнын меңгеру нәтижесінде оқу жылының соңына қарай балалар:

- сөйлегенде айналасындағы заттардың (ойыншықтар, ыдыс-аяқ, тамақ, көкөністер, жемістер) атауларын қолдануы;

- отбасы мүшелерін білдіретін, адам денесінің бір бөлігінің атауларын, жыл

мезгілдерін және табиғаттың жекелеген құбылыстарын;

- әрекеттерді түсінуі және орындауы (ал, бер, әкел);
- сөйлегенде «сәлеметсіз бе?», «сау болыңыз», «рахмет» сөздерін

қолдануы;

- тәрбиешінің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы қысқа (екі, үш сөйлемнен) әңгіме құрастыра алуы тиіс.

Мемлекеттік тілді үйрету бойынша табысқа жету мақсатында балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті келесідей ұйымдастырушылық-педагогикалық талаптарды ескере отырып ұйымдастыру:

- педагогтің балалармен қарым-қатынасының достық атмосферасын міндетті түрде құру (баланың аз біліп, басқаларға қарағанда нашар жауап бергені үшін ескерту жасамау);

- ұйымдастырылған іс-әрекетте кез-келген әрекетті балаға жақын және түсінікті етіп ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- тәрбиелеу-білім беру процесіне қызығушылықты арттыру мақсатында балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетте ойын әдістерін және дидактикалық ойындарды кеңінен қолдану;

- тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру;

- баланың кез-келген, тіпті ең аз жетістіктерінде ынталандыру қажет.

Қазақ тілін үйрену барысында әрекет түрлерін ауыстырып отыру: ертегі кейіпкерлерін енгізу, ойыншықтарды, шынайы заттарды, фотосуреттерді, түрлі-түсті суреттерді пайдалану ұсынылады. Сонымен бірге қазақ тілінде бұрын үйренген санамақтарды, тақпақтарды, әндерді қолдана отырып міндетті түрде сергіту сәттерін және сөйлеу жаттығулары мен артикуляциялық жаттығуларды енгізу керек. Сөздерді айтуға жаттықтыру және артикуляциялық жаттығулар артикуляция органдарының қозғалысын дамытуға, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға балаларды дайындайды.

Барлық жас топтарында мемлекеттік тілді үйретудің негізгі міндеті- сөйлеу құралдарын қолдана отырып балаларды өз ойлары мен әсерлерін білдіруге, айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға, сөздерді түсінуге үйрету.

Қарым-қатынас жасауға үйрету балалар әрекетінің түрлері арқылы іске асырылады, сондықтан мұндай қабілеттерді айқындау өзге тілдегі әрекет процесінде жүзеге асырылуы тиіс, диагностика кезінде белгілі бір балаға тән қазақ тілін меңгеру түрін ескерген жөн. Топта тілді әртүрлі деңгей бойынша меңгерген балалар болуы мүмкін. Бұл жағдайда педагогтер:

- әр баланың қажеттіліктерін ескеру және мүмкіндігінше әрқайсысына жеке көңіл бөлу, балалардың сұрақтарына жауап беру және күні бойы қарым-қатынас жасау;

- қарым-қатынас жасауда әр бала өз үлесін қоса алатындай : кейбіреулері тек тыңдайды және түсінеді, біреулері қысқа сөйлемдерді, ал үшіншісі жеке сөздерді айтатындай жағдай жасау;

- балалардың жасына сәйкес бір-бірімен еркін түрде қарым-қатынас жасауға тілді қолдану, әрбір баланы қарым-қатынас жасауға ынталандыру;

- қазақ тілін қазақ халқының мәдениетімен таныстыра отырып үйрету;

- балаларды балабақшадан тыс жағдайларда, мысалы, көршілермен

ойнағанда, сапарларда, мультфильмдер, фильмдер көруде, экскурсияларда, аудиожазбаларды тыңдау кезінде қазақ тілінде сөйлесуге қызықтыру қажет.

Үлгілік жоспарға сәйкес, мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы педагогке балалармен бірге Үлгілік бағдарламада (2-қосымша) айқындалған сөздік минимумын үйрету ұсынылады.

Қазақ тілін меңгерудің маңызды шарттарының бірі қызықты және мазмұнды, дамытушы ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу болып табылады. Қазақ тілін үйретудің мақсаттары мен мазмұнына, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін сәйкес келетін педагог ұйымдастыратын әртүрлі білім беру технологиялары тәрбиеленушілердің коммуникативтік даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Балаларға қазақ тілін үйретуде ойын түрлері қолданылады: шығармашылық ойындарға ұжымдық сипат тән, өйткені олар қоғамдағы қатынастардың мәнін көрсетеді. Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, шығармашылық ойындар, әндерді, өлеңдерді, санамақтарды, мақал-мәтелдерді пайдалану қазақ тілін оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі етуге көмектеседі. Дамытушы ойындар баланың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Ойын барысында сөйлеу дағдылары, дербес ойлау, қиял, бақылау, келісімге келу және төзімділік қасиеттері дамиды. Баланы дамытатын тапсырмалары бар ойындар лексикалық материалды пысықтауға, бекітуге, тез үйренуге көмектеседі. Балаларды сөйлеуге, қарапайым сөйлемдерді, сөз тіркестерін сауатты құруға үйрете отырып, әртүрлі құралдарды: суреттер, тірек диаграммаларын, мнемоникалық кестелер, фотосуреттер пайдаланған маңызды. Бұның барлығы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың қызығушылығын туғызады.

Жұмыс күні ішінде балалардың эмоционалды көңіл күйін көтеретін қазақ тілінде сергіту сәттерін өткізу ұсынылады. Сергіту сәттері бір әрекеттен екінші әрекетке назар аударуға мүмкіндік береді, еңбек ету қабілетін арттыруға, ұсақ моториканы дамытуға ықпал етеді.

Серуендеу кезінде ұлттық қимылды ойындарды өткізу физикалық қасиеттерді (ептілік, төзімділік) қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар баланың белсенді сөздігін байытуға да ықпал етеді. Халық ойындарының қазынасынан алынған санамақтар ұлттық ерекшеліктерге сәйкес келеді және ұлттық тәрбие міндеттерін орындайды.

Ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану күнделікті баланы оқыту мен дамыту процесін тиімді етеді, баланы ерте дамытуға мүмкіндіктер береді, сонымен бірге табиғи тілдік ортада қазақ тілін түсінуге үйретеді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет және режимдік сәттер барысында әртүрлі инновациялық технологияларды қолдану баланың қоршаған әлем туралы білімі мен түсінігін едәуір кеңейтуге, танымдық процестерді (ойлау, есте сақтау, қабылдау) дамытуға, қазақтың ұлттық мәдениеті негізінде физикалық қасиеттерге (тапқырлық, ептілік) және рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуге, тәрбиеленушілерді қазақ халқының ұлттық құндылықтарына баулу бойынша отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін зерделеу және қорыту, әрбір отбасында мектеп жасына дейінгі балаларда Отан сүйгіштік сезімін

қалыптастыру бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру жүйесіндегі көптілділік түрлі ұлт өкілдері балаларының бір-бірімен достық қарым-қатынас орнатуда өзекті болып қала бермек. Көптілді қоғамның өз тарихы, психологиялық негіздемесі, құқықтық негізі, белгілі бір педагогикалық жетістіктері бар. Дегенмен барлық жұмыстың табыстылығы сауатты, жан-жақты, жоспарлы және жүйелі тәсілге байланысты.

Көп тілді білім беру сипаты бойынша күрделі процесс, ол әртүрлі құралдарды, әдістерді ғана емес сонымен қатар ұзақ уақытты қажет етеді.

Орыс тілінде оқытатын топтарда балалармен қазақ тілін оқыту бойынша бағдарламаны іске асырудың негізгі нысандарының бірі –Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық дәстүрлері негізінде дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру болып табылады.

Балаларды қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыру бойынша мақсатты, жүйелі жұмыс нәтижесінде балаларда Қазақстан туралы толық саналы, түсініктер қалыптасады.

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта балаларға әртүрлі белсенді әрекет үшін көп мүмкіндіктер береді, баланың дербес және толыққанды дамуында тиімді құрал және қайталанбас ұлттық ерекшеліктерге ие болады.

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бағдарламаның мазмұнын меңгеруде балада коммуникативтік құзыреттілік негіздерін қалыптастыруға, дыбыстарды дұрыс айтуға, негізгі лексикалық және сөздік қордың жинақталуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы

Топ: ортаңғы «Өркен»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж – 31.05.2024ж

Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1.	Қыркүйек	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын (<i>бер, ал, алып кел..</i>) сөздерін түсініп, айту дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: заттардың көлемін, түсін, олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді үйрету, сөз тіркестерін түсіну және оларды байланыстыру әдісімен (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) құрастыруды үйрету. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтарды түсіну (<i>Бұл кім? Бұл не?</i>) және оларға қысқа сөйлем түрінде дұрыс жауап беру.
2.	Қазан	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ бұл сөздерді дұрыс айту және есте сақтау. Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (<i>«бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»..</i>), атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: заттардың түсі, көлемі бойынша белгілерін, қимылын білдіретін сөздерді айта білуге машықтандыру. Байланыстырып сөйлеу: Жай сөйлемдер құра білуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (<i>Бұл кім?</i>)
3.	Қараша	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: ә, і, ң. Артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздік қор: Күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс-жидек, көкөніс (<i>алма, алма, өрік, қияр, пияз, картоп..</i>) атауларын дұрыс айту, мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну және оларды дұрыс айту, сөз тіркестерінің мағынасын түсіну.

			Байланыстырып сөйлеу: Жай сөйлемдер құра білуге, жай сұрақтарға жауап беруге үйрету (<i>Бұл не?</i>)
4.	Желтоқсан	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: ғ, қ, ө. Артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздік қор: заттардың белгілерін түсі, өлшемін білдіретін сөздерді айтуды үйрету. Педагогтың өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (<i>бер, алып кел, ал</i>), сөздік қорын көбейту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Ойын барысында балаларды тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру. Қарапайым сұрақтарды түсіну дағдыларын қалыптастыру және ойын кезінде оларға жауап беру. Байланыстырып сөйлеу: Жай сөйлемдер құра білуге, жай сұрақтарға жауап беруге үйрету (<i>Қандай? Қай?</i>). Шағын қарапайым тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, жатқа айтып беруге машықтандыру.
5.	Қаңтар	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, і, ң, ғ, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: балалардың сөздік қорын қазақ тілінде күнделікті жиі қолданылатын үй жануарлары, жабайы жануарлар (<i>қой, түйе, қасқыр, қоян, түлкі..</i>) атауын білдіретін зат есімдермен байыту. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: 1-ден 3-ке дейін санату. Жануарлардың белгілерін (дауысы, түсі, саны) білдіретін сөздерді айтуды үйрету. Байланыстырып сөйлеу: күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздердің дұрыс айтылуы және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым сұрақтарға жауап беріп (<i>Бұл кім? Бұл не?</i>), Қарапайым сөйлем құра білу, қазақ тілінде 2-3 сөзбен сипаттап, әңгімелеу.
6.	Ақпан	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ү, ұ, қ, ө дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Сөздік қор: қоршаған ортада күнделікті жиі қолданылатын азық-түлік, ыдыстар атауларын қазақ тілінде айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. (<i>кесе, қасық, табақ, нан, май, қант, сүт</i>). Тілдің грамматикалық құрылымы: 1-ден 3-ке дейін санату. Заттардың белгілерін (түсі, саны,

			өлшемі) білдіретін сөздерді айтуды үйрету.Педогогтың өтініші бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал) сөздік қорын кеңейту. Байланыстырып сөйлеу: Ойын барысында 2-3 әрекеттен тұратын қарапайым тапсырмаларды орындай білу, 2-3 сөйлеммен заттарға сипаттама беруге үйрету.
7.	Наурыз	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә,і,ң,ғ,ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Күнделікті өмірде жиі қолданылатын құс , ұшатын құс атауларын(<i>әтеш , тауық , қаз , үйрек , балапан , қарлығаш , торғай , қарға</i>) сөздерді дұрыс айту, мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру . Тілдің грамматикалық құрылымы: Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық таныту , қазақ халқының салт- дәстүрін құрметтеу , күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің мағынасын түсініп, дұрыс айту . Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
8.	Сәуір	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ұ,қ,ө,һ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: сөздердің дұрыс айтылу және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру.Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: мәтіндер, өлеңдер арқылы есте сақтау және айту дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: балаларды педогогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Жай сөйлемдер құра білуге, жай сұрақтарға жауап беруге үйрету (<i>Қандай? Кай ?</i>).
9.	Мамыр	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә,і,ң,ғ,ү дыбыстарын өздігінен

			дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: балалардың сөздік қорын іс қимылды білдіретін (<i>отыр, тұр, бер, бар..</i>), кеңістік бағдарлау сөздері (<i>үстінде, астында, қасында</i>) сөздерімен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздердің дұрыс айтылу және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру, зат есімдерді жекеше және көпше түрімен қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (<i>Кім? Не? Не істейді?</i>) жауап беруді үйрету.
--	--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің 2023-2024 оқу жылына арналған циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша) «Жұлдыз» балабақшасы

Топтар: «Колобок» ортаңғы тобы, «Смешарики» ересек тобы, «Солнышко» мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы 4 – 6 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі(1апта) қыркүйек

Қазақ тілі мұғалімі: Смагулова Айнагуль Айтбаевна

Күн тәртібінің кезеңдері	уақыт	Дүйсенбі 04.09.2023	Сейсенбі 05.09.2023	Сәрсенбі 06.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	8:50- 9:00	Сөздік минимум Сөздік минимум: балабақша –детский сад, тәрбиеші – воспитатель, медбике- медсестра, аспазшы- повар, кең- просторный, таза-чистый, әдемі - красивый (Қазақ тілі-қарым-қатынас іс-әрекеті)	Сөздік минимум Сөздік ойын: «Қалай амандасу керек?» Балаларға сәлемдесе, амандасу туралы түсінік беру. Үлкен- кішімен қалай сәлемдесу керек, қандай айырмашылықтары бар екенін түсіндіру. Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! (Қазақ тілі-қарым-қатынас іс-әрекеті)	Сөздік минимум Сөздік минимум: балабақша –детский сад (Қазақ тілі-қарым-қатынас іс-әрекеті)		Сөздік минимум Сөздік ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Сәлем. -Сенің атың кім? -Менің атым Ангелина. -Сенің атың кім? (Қазақ тілі-қарым-қатынас іс-әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	9:00 – 9:30	«Смешарики» ересек тобы Ұйым тақырыбы: «Менің балабақшам» (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Міндеті: Балабақша жайлы жаңа сөздермен таныстыру, балалардың сөздік қорын байыту, балабақша қайда орналасқаның, қандай екенін айта білуге үйрету. Сөз тіркестерін құрастыруға жетелеу, есте сақтау	«Солнышко» мектепалды даярлық тобы Ұйым тақырыбы: «Менің балабақшам» (Қарым-қатынас іс-әрекеті, ойын іс-әрекет) «Сәлем. Сау бол» Міндеті: Балаларға сәлемдесе, амандасу туралы түсінік беру. Үлкен- кішімен қалай сәлемдесу керек, қандай айырмашылықтары бар екенін түсіндіру.	«Колобок» ортаңғы тобы Ұйым тақырыбы: «Менің балабақшам» (Қарым-қатынас іс-әрекеті, ойын іс-әрекеті) Міндеті: Балалардың сөздік қорын байыту. Балабақша қайда орналасқаның, қандай екені айта білуге үйрету. Сөз тіркестерін құрастыруға жетелеу.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге көрнекіліктер дайындау	«Солнышко» мектепалды даярлық тобы Ұйым тақырыбы: «Менің атым Алмагүл» (Қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық дағдыларын, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеті: Балалардың өзін-өзі қалай таныстыру керек екені жайлы білу, қазақ тілінде өз есімін айтуды үйрену және қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрену. Қазақ тіліне тән төл дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, ғ, і) білуге үйрену.

		кабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән төл дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, ғ, і) білуге үйрену.				
Өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыс	14.30 -15.30		Жұмыс жоспары бойынша циклограмма жазу		Жұмыс жоспары бойынша циклограмма жазу.	

«Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы арқылы бала тілін дамыту» Балалармен жеке жұмыс	16.00-16.30	«Смешарики» ересек тобы ӨТШТ сызбасы бойынша тақырыпқа сай суреттер мен сөйлемдер құрастыру.  «Мен сияқты қайтала» ойын жаттығуы - балалардың белгілі бір дыбыстарды сөзбен дұрыс айтуын бекіту,	«Солнышко» мектепалды даярлық тобы «Тында, қайтала» ойыны Ойынның шарты: балалар сәлемдесу, амандасу, қоштасу сөздерді кезек-кезек дұрыс айтып, қайталайды. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, ғ, і) қайталап, тілдік жаттығулар жасайды.	«Колобок» ортаңғы тобы Дидактикалық ойын: «Дұрыс ата». балаларға балабақша жайлы суреттерді дұрыс тауып атауға дағдыландыру, ажырата білуге үйрету. Ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды, жаңа сөздерді айтуды (3–5 сөз) дамыту		«Солнышко» мектепалды даярлық тобы ӨТШТ сызбасы бойынша тақырыпқа сай суреттер мен сөйлемдер құрастыру  Берілген суреттер: тәрбиеші, балабақша, күз мезгілі, жапырақ, күн т.б
Ұйымдастыру сәттері	17.00-17.10	Кабинет жабдықтарын жинау, терезелерді тексеру, Қауіпсіздік техникасын сақтау.				

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы

Топ: «Күншуақ», «Өркен» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09.2023 – 08.09.2023ж

Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу	Дидактикалық материалдар дайындау	Өтілетін тақырыптар бойынша ойындарды дайындау		Өтілетін тақырыптар бойынша көрнекіліктерді дайындау
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Балабақша» Мақсаты: Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -то-то-то-топ -үс-үс-үс-үстел -ық-ық-ық-ор-ын-дық -ша-ша-ша-ба-ла-бақ-ша Сөздік қор: балабақша – детский сад, топ – группа, үстел - стол, орындық - стул, қыз - девочка, ұл - мальчик Тілдің грамматикалық құрылымы: Картотека №1 Дидактикалық/ойын: «Есіңе сақта» Шарты: топты бағдарлап не көріп тұрғанын сұрау. - Айналамыздан не көріп тұрмыз? - Күнде таңертең біз қайда келеміз? - Кіммен келесіңдер?... Байланыстырып сөйлеу: Картотека №40 Дидактикалық/ойын: «Заттарды топта» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Суреттегі заттардың атын айтқыза отырып, сөйлеу мәдениетін				

	қалыптастыру. Ойын шарты: Суреттерге қарап топқа бөлу және жалпы аттарын атау.				
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тақпақтар, өлеңдер жаттату, өткен тақырыптарды қайталату)	Шаттық шеңбері <i>Бір шаңырақ астында Тату тәтті тұрамыз</i>	Сөздік минимум: балабақша – детский сад, топ – группа, үстел – стол, орындық – стул, қыз – девочка, ұл – мальчик	Тіл ұстарту жаттығуларын жасату	Диалог: -Мынау не? -Топта не бар?	Тіл ұстарту жаттығуларын жасату

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы
Топ: «Балбөбек», «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09.2023-15.09.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 14.09.2023ж	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Интернет ресурстармен жұмыс жасау	Өтілетін тақырыптар бойынша ойындарды дайындау	Өтілетін тақырыптар бойынша көрнекіліктерді дайындау	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Қосымша материалдар іздену	Дидактикалық материалдар дайындау	«Менің балабақшам» Мақсаты: өз балабақшасы туралы қазақ тілінде әңгімелей білуге үйрету, түсініктерін кеңейту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -ік – ік – ік – се –ік -кі – кі – кі – кіл – ем -тө –тө – тө – төс – ек -те – те – те – те – ре – зе Сөздік қор: балабақша – детский сад, есік – дверь, терезе – окно, кілем – ковер, төсек – кровать. Тілдің грамматикалық құрылымы: « Дұрыс қайтала, көрсет » - дидак/ойыны. Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі. Сөздерді қайталап, қолдарындағы суреттерді көрсетеді. Байланыстырып сөйлеу: Суреттер арқылы балабақша тобымен таныстыру. -Мынау балабақша. Мынау топ. Мынау – есік. Мынау – терезе. Мынау – төсек. Мынау – кілем.	

				Еденде кілем жатыр. Кілем әдемі.	
Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, қимылды ойындар, жеке жұмыс, дидак/ ойындар, тақпақтар, өлеңдер жаттату, өткен тақырыптарды қайталату, диалог құру)	Сөздік минимум: балабақша – детский сад, аула – двор, бөлме – комната, топ – группа, тәрбиеші – воспитатель, мұғалім – учительница.	<i>Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.</i>	<i>« Шатаспа » - дидак/ойыны. -Мынау терезе ме, есік пе? -Мынау кілем бе, төсек пе?</i>	<i>Сергіту сәті. Отырамыз Тұрамыз Бір, екі, үш Біз жинаймыз күш!</i>	Диалог: -Таңертең сендер қайда келесіңдер? -Топта не бар? -Балабақша қандай?

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы
Топ: «Балдаурен», «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09.2023-29.09.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі 26.09.2023	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 29.09.2023
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.	Өтілетін тақырыптар бойынша көрнекіліктерді дайындау	Өтілетін тақырыптар бойынша ойындар дайындау	Интернет ресурстары мен жұмыс жасау	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		«Менің ойыншықтарым» Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруді, ойыншықтарды сипаттауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -ше-ше-ше-текше -шақ-шақ-шақ-куыршақ -қо-қо-қо-қоян.... Сөздік қор: менің ойыншықтарым - мои игрушки, жұмсақ ойыншықтар - мягкие игрушки, темір ойыншықтар - железные игрушки, резеңке ойыншықтар - резиновые игрушки, доп - мяч, текше – кубик, асық, шелек- ведро, секіртпе-скакалка, күрек-лопата Тілдің грамматикалық құрылымы: №2. Д/ойын « Ойыншықтар »			«Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - құ – құ – құ – құлақ - өз – өз – өз - көз - кі – кі – кі - екі - қы – қы – қы – қысқа Сөздік қор: қыдырамын - гуляю, ұйықтаймын – сплю, ойнаймын – играю, жақсы көремін – люблю, сүйікті

		<u>Мақсаты:</u> Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аттарын атай отырып сипаттау, ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өзінің жақсы көретін ойыншығы туралы әңгімелету. Антоним сөздерді қолдана білу (қатты жұмсақ, үлкен, кіші, т.б.) Балалардың сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіріп, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге үйрету. <u>Көрнекі құралдар:</u> жұмсақ , пластмасса және қаты ойыншықтар. Қоржын. Тақырыптық суреттер. Байланыстырып сөйлеу: Сөздік ойын: « <i>Мен қай ойыншықты ойладым?</i> » Шарты: Бір бала ішінен бір ойыншықты ойлау, басқалары қай ойыншық екенін табу			ойыншығым – любимая игрушка. Тілдің грамматикалық құрылымы: <i>Тіл дамыту.</i> (ойыншықтарды көрсете отырып) Мынау менің ең сүйікті ойыншығым – қуыршақ. Өте әдемі. Шашы, екі көзі қап – кара, көйлегі ақ, камзолы қызыл Мен оны өте жақсы көремін. Бірге қыдырамын, ойнаймын, ұйықтаймын. Байланыстырып сөйлеу: Дидак/ойын: <u>"Кім тапқыр?"</u> -Мынау қандай ойыншық? - Неден жасалған? №3. Д/ойын «Ойыншықтарды тап!» <u>Ойын шарты:</u> Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі бірдей биіктікте және тағы екі түрлі...) Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын
--	--	---	--	--	--

					шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр». <u>Көрнекі құралдар:</u> жұмсақ , пластмасса және қаты ойыншықтар. Қоржын.Тақырыптық суреттер.
Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, дидактикалық ойындар, жеке жұмыс, диалогтар, тақпақтар, өлеңдер жаттату)	Сөздік минимум: менің ойыншықтарым -моя игрушки, жұмсақ ойыншықтар- мягкие игрушки, резеңке ойыншықтар- резиновые игрушки, доп- мяч, текше- кубик	<i>Сергіту сәті.</i> <i>Добым, добым, домалақ</i> <i>Қайда кеттің домалап</i> <i>Секіресің, зырлайсың</i> <i>Бір орнында тұрмайсың</i>	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту,түзету іс шаралары бойынша деңгейі төмен балалармен жеке жұмыс (қазан- желтоқсан)	Диалог: -Қандай ойыншықтар білесіңдер? -Неден жасалған?	Ойыншықтар Іші толған бөлменің Ойыншығым мол менің Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой, дос ойнайық Қ. Мырзалиев

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы
Топ: «Күншуақ», «Өркен» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09.2023 – 08.09.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу	Дидактикалық материалдар дайындау	Өтілетін тақырыптар бойынша ойындарды дайындау		Өтілетін тақырыптар бойынша көрнекіліктерді дайындау
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Балабақша» Мақсаты: Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -то-то-то-топ -үс-үс-үс-үстел -ық-ық-ық-ор-ын-дық -ша-ша-ша-ба-ла-бақ-ша Сөздік қор: балабақша – детский сад, топ – группа, үстел - стол, орындық - стул, қыз - девочка, ұл - мальчик Тілдің грамматикалық құрылымы: Картотека №1 Дидактикалық/ойын: «Есіңе сақта» Шарты: топты бағдарлап не көріп тұрғанын сұрау. - Айналамыздан не көріп тұрмыз? - Күнде таңертең біз қайда келеміз? - Кіммен келесіңдер?... Байланыстырып сөйлеу: Картотека №40				

	Дидактикалық/ойын: «Заттарды топта» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Суреттегі заттардың атын айтқыза отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Ойын шарты: Суреттерге қарап топқа бөлу және жалпы аттарын атау.				
Балалармен жеке жұмыс (баяу қимылды ойындар, сөздік минимум, диалогтар, дидактикалық ойындар, тақпақтар, өлеңдер жаттату, өткен тақырыптарды қайталату)	Шаттық шеңбері <i>Бір шаңырақ астында</i> <i>Тату тәтті тұрамыз</i>	Сөздік минимум: балабақша – детский сад, топ – группа, үстел - стол, орындық - стул, қыз - девочка, ұл - мальчик	Тіл ұстарту жаттығуларын жасату	Диалог: -Мынау не? -Топта не бар?	Тіл ұстарту жаттығуларын жасату

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы
Топ: «Балбөбек», «Сұңқар» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09.2023-15.09.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 14.09.2023ж	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Интернет ресурстармен жұмыс жасау	Өтілетін тақырыптар бойынша ойындарды дайындау	Өтілетін тақырыптар бойынша көрнекіліктерді дайындау	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Қосымша материалдар іздену	Дидактикалық материалдар дайындау	«Менің балабақшам» Мақсаты: өз балабақшасы туралы қазақ тілінде әңгімелей білуге үйрету, түсініктерін кеңейту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -ік – ік – ік – се –ік -кі – кі – кі – кіл – ем -тө –тө – тө – төс – ек -те – те – те – те – ре – зе Сөздік қор: балабақша – детский сад, есік – дверь, терезе – окно, кілем – ковер, төсек – кровать. Тілдің грамматикалық құрылымы: « Дұрыс қайтала, көрсет » - дидак/ойыны. Үлестірмелі кима суреттермен жұмыс жүргізіледі. Сөздерді қайталап, қолдарындағы суреттерді көрсетеді. Байланыстырып сөйлеу: Суреттер арқылы балабақша тобымен таныстыру. -Мынау балабақша. Мынау топ. Мынау – есік. Мынау – терезе. Мынау – төсек. Мынау – кілем. Еденде кілем жатыр. Кілем әдемі.	

Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, қимылды ойындар, жеке жұмыс, дидак/ойындар, тақпақтар, өлеңдер жаттату, өткен тақырыптарды қайталату, диалог құру)	Сөздік минимум: балабақша – детский сад, аула – двор, бөлме – комната, топ – группа, тәрбиеші – воспитатель, мұғалім – учительница.	<i>Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.</i>	« Шатаспа » - дидак/ойыны. -Мынау терезе ме, есік пе? -Мынау кілем бе, төсек пе?	<i>Сергіту сәті.</i> <i>Отырамыз Тұрамыз Бір, екі, үш Біз жинаймыз күш!</i>	Диалог: -Танертең сендер қайда келесіңдер? -Топта не бар? -Балабақша қандай?
---	---	--	---	--	---

Білім беру ұйымы: «Айгөлек» балабақшасы
Топ: «Балдаурен», «Ботақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09.2023-29.09.2023ж
Қазақ тілі мұғалімі: Альмира Кенескановна Темиржанова

Күн тәртібіні үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі 26.09.2023	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 29.09.2023
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.	Өтілетін тақырыптар бойынша көрнекіліктерді дайындау	Өтілетін тақырыптар бойынша ойындар дайындау	Интернет ресурстары мен жұмыс жасау	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке көрнекіліктер, дидактикалық материалдар реттеу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		«Менің ойыншықтарым» Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруді, ойыншықтарды сипаттауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -ше-ше-ше-текше -шақ-шақ-шақ-қуыршақ -қо-қо-қо-қоян.... Сөздік қор: менің ойыншықтарым - мои игрушки, жұмсақ ойыншықтар - мягкие игрушки, темір ойыншықтар - железные игрушки, резеңке ойыншықтар - резиновые игрушки, доп - мяч, текше – кубик, асық, шелек-ведро, секіртпе-скакалка, күрек-лопата. Тілдің грамматикалық құрылымы: №2. Д/ойын « Ойыншықтар » Мақсаты: Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аттарын			«Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - құ – құ – құ - құлақ - өз – өз – өз - көз - кі – кі – кі - екі - қы – қы – қы – қысқа Сөздік қор: қыдырамын - гуляю, ұйықтаймын – сплю, ойнаймын – играю, жақсы көремін – люблю, сүйікті ойыншығым – любимая игрушка. Тілдің грамматикалық құрылымы: <i>Тіл дамыту.</i> (ойыншықтарды көрсете отырып) Мынау менің ең сүйікті ойыншығым – қуыршақ. Өте әдемі. Шашы, екі көзі қап – қара, көйлегі ақ, камзолы қызыл. Мен оны

		атай отырып сипаттау, ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өзінің жақсы көретін ойыншығы туралы әңгімелету. Антоним сөздерді қолдана білу (қатты, жұмсақ, үлкен, кіші, т.б.) Балалардың сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіріп, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге үйрету. Көрнекі құралдар: жұмсақ , пластмасса және қаты ойыншықтар. Қоржын.Тақырыптық суреттер. Байланыстырып сөйлеу: Сөздік ойын: « <i>Мен қай ойыншықты ойладым?</i> » Шарты: Бір бала ішінен бір ойыншықты ойлау, басқалары қай ойыншық екенін табу			өте жақсы көремін. Бірге қыдырамын, ойнаймын, ұйықтаймын. Байланыстырып сөйлеу: Дидак/ойын: <u>"Кім тапқыр?"</u> -Мынау қандай ойыншық? - Неден жасалған? №3. Д/ойын «Ойыншықтарды тап!» Ойын шарты: Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады (екі бірдей биіктікте және тағы екі түрлі...). Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «қуыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты қуыршақтың қасында тұр». Көрнекі құралдар: жұмсақ , пластмасса және қаты ойыншықтар. Қоржын.Тақырыптық суреттер.
Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, дидактикалық ойындар, жеке жұмыс, диалогтар, тапқатар, өлеңдер жаттату)	Сөздік минимум: менің ойыншықтарым -мои игрушки, жұмсақ ойыншықтар-мягкие игрушки, резеңке ойыншықтар-резиновые	<i>Сергіту сәті.</i> <i>Добым, добым, домалақ</i> <i>Қайда кеттің домалап</i> <i>Секіресің, зырлайсың</i> <i>Бір орнында тұрмайсың</i>	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту,түзету іс шаралары бойынша деңгейі төмен балалармен жеке жұмыс (қазан-желтоқсан)	Диалог: -Қандай ойыншықтар білесіңдер? -Неден жасалған?	Ойыншықтар Іші толған бөлменің Ойыншығым мол менің Босқа тізіп қоймайық, Келе ғой, дос ойнайық Қ. Мырзалиев

	игрушки, доп- мяч, текше- кубик				
--	---------------------------------------	--	--	--	--

Дыбыстық жаттығулар
Касымова Жазира Еркеновна
қазақ тілі мұғалімі
Қарағанды қаласы
«Балбөбек» бөбекжайы

Ыр-ыр-ыр ырылдайды қасқыр



Ян-ян-ян секіріп жүр қоян

Кі-кі-кі бұл айлакер түлкі



Ю-ю-ю қорбаңдайды аю



Тан-тан-тан

Аң патшасы Арыстан




Ыс-ыс-ыс

Тарғыл түсті жолбарыс




Іл-іл-іл

Тұмсығы ұзын піл



Лан-лан-лан

Шағады жылан



Пі-пі-пі

Тікенекті кірпі




Ін-ін-ін

Жаңғақ жейді тиін




Іл-іл-іл

Тұмсығы ұзын піл



Лан-лан-лан

Шағады жылан



Пі-пі-пі

Тікенекті кірпі



Ін-ін-ін

Жаңғақ жейді тиін



Ие-ие-ие

Маң-маң басқан түйе



Та-та-та

Жібек жүнді бота



Иыр-иыр-иыр

Сүт береді сиыр

Зау-зау-зау

Мөңіреді бұзау



Кі-кі-кі
Сақалы бар ешкі

Ақ-ақ-ақ
Секендеген лақ

Ік-ік-ік
Шәукілдейді күшік

Ық-ық-ық
Тышқан жейді мысық



Қы-қы-қы
Кісінейді жылқы

Шақ-шақ-шақ
Құлдырайды құлыншақ

Ой-ой-ой
Қорада тұр қой



Зы-зы-зы
Моп-момақан қозы



Та-та-та

Ақ сақалды ата



Е-е-е

Ақ жаулықты әже



Ке-ке-ке

Асқар таудай әке



А-а-а

Қымбат маған ана



Ыз-ыз-ыз

Жақсы қыз



Ла-ла-ла

Пысық бала



4-қосымша

Деңгейлік тапсырмалар
Айман Айтмухамедовна Туkenova
қазақ тілі мұғалімі
Павлодар қаласы
« №126 сәбилер бақшасы – Эстетикалық даму орталығы

Шартты белгілер


				
I-ші деңгейдегі балалар үшін	II-ші деңгейдегі балалар үшін	III-ші деңгейдегі балалар үшін	Сөздерді ата, жауап бер	Тыңда, тап, санмен белгіле, сөзді ата.
				
